

**Заңды тұлғалардың қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сатуды реттеу жөніндегі мемлекеттік органдардың өзара қарым-қатынастары қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Астана қаласы әкімінің 2005 жылғы 8 тамыздағы N 3-1-19 шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 9 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 408. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 9 желтоқсандағы N 06-22 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2009.12.09 N 06-22 шешімімен*

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және "Қайталама қара және түсті металдардың рыногы туралы" 2000 жылғы 13 наурыздағы N 383 Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының 2-1-тармағын орындау барысында, Астана қаласының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған заңды тұлғалардың қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сатуды реттеу жөніндегі мемлекеттік органдардың өзара қарым-қатынастар қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары М.Е.Толыбаевқа жүктелсін.

Әкім

Әкімнің бірінші орынбасары

Әкім аппаратының басшысы

Құжаттамалық сараптама

бөлімінің меңгерушісі

"Астана қаласының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті" мемлекеттік мекемесінің

директоры

КЕЛІСІЛДІ

Астана қаласы бойынша Экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі департаментінің

(қаржы полициясы) бастығы

*Қазақстан Республикасы*  
*Қаржы министрлігі Салық*

*комитетінің төрағасы*

Астана қаласы әкімінің  
2005 жылғы 8 тамыздағы  
N 3 - 1 - 19 шешімімен

бекітілген

**Заңды тұлғалардың қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сатуды реттеуге жөніндегі мемлекеттік органдардың өзара қарым-қатынастар (бұдан әрі - Қағида) Қағидалары**

1. Осы Қағида "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және «Қайталама қара және түсті металдардың рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 наурыздағы N 383 қаулысының 2-1-тармағын орындау барысында әзірленді.

2. Астана қаласының әкімі немесе оған уәкілетті тұлға (бұдан әрі - Лицензиар) ай сайын, келесі есептік айдың 10 жұлдызына дейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне (бұдан әрі - Комитет) және Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі агенттігіне (бұдан әрі - Агенттік) Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша Астана қаласында "заңды тұлғалардың қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинауға (сақтауға), қайта өңдеуге және сату"» қызметін жүзеге асыруға мемлекеттік лицензиялар тізілімін ұсынады.

3. Лицензиар лицензиясын қайтарып алған, тоқтата тұрған, қайта қалпына келтірген, қызметін тоқтатқан, жарамсыз деп таныған жағдайда, мұндай фактілердің болған күнінен он күннің ішінде Комитетке және Агенттікке хабарлайды.

4. Комитет нарықтағы қайталама қара және түсті металдардың қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер мониторингінің енгізілуін қамтамасыз етеді және ай сайын, айдың келесі есептік 30 күнінен кешіктірмей Лицензиарға Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша мониторинг жөніндегі ақпаратты жолдайды.

5. Агенттік Лицензиаттың лицензиялық нормалар мен талаптарды бұза отырып, қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарының заңсыз айналымына байланысты қылмысты айқындаған жағдайда, Лицензиарға он күннің ішінде мұндай фактілер мен қабылданған шаралар туралы хабарлайды.

Астана қаласы әкімдігінің  
Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігінің Салық комитетімен  
заңды тұлғалардың түсті және  
қара металдардың сынықтары мен  
қалдықтарын жинауға (дайындауға),  
сақтауға, қайта өңдеуге және  
сатуға байланысты қызметтің  
лицензияланған түрі бойынша  
өзара қарым-қатынас Қағидаларына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 наурыздағы  
N 383 Қайталама түсті және қара металдардың рыногы туралы  
қаулысына сәйкес Астана қаласы әкімдігінің уәкілетті  
органымен берілген түсті және қара металдардың сынықтары  
мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу  
және сату құқығына \_\_\_\_\_ жағдайы бойынша лицензиялар

**ТІЗІЛІМІ**

Р/с N	Кә- сіп- орын- ның атауы	Ли- цен- зия N және бе- ріл- ген күні	Бас- шы- ның аты- жөні	С Т Н	КҰЖС коды	Заң- ды ме- кен-жайы	Қыз- мет- тің ау- мақ- тық са- ласы	Негіз- гі өнді- рістік база- ның мекен-жайы	Ф и - лиал- дар - дың мекен-жайы	Қ а - был - дау пу- нкт - тері - нің мекен-жайы	Бла- нк нө - мірі

Астана қаласы әкімдігінің  
Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігінің Салық комитетімен  
заңды тұлғалардың түсті және  
қара металдардың сынықтары мен  
қалдықтарын жинауға (дайындауға),  
сақтауға, қайта өңдеуге және  
сатуға байланысты қызметтің  
лицензияланған түрі бойынша  
өзара қарым-қатынас Қағидаларына

2-қосымша

**Қайталама түсті және қара металдар нарығында қызмет ететін салық төлеушілерден салықтар мен төлемдердің түскені туралы ақпарат**

А й м а қ	Өн-ді-ріс-тік өнім-нің ай-на-лымы	Тауар-ларды (жү-мыс-тар, қыз-мет-тер) өткізу бойын-ша айна-лым	Оның ішінде		Өткен жыл-дарға салық салын-ған айна-лымына түзе-тім	"0" мөлшер-лемесі бойынша салық салына-тын айна-лымды қайта-руға жататын ҚҚС сомасы	ҚҚҚ "0" мөл-шер-леме-сі бой-ынша бюд-жет-тен орнын тол-тыру	Са-лық са-лы-на-тын та-быс	Бар-лығы са-лық-тар мен тө-лем-дер-дің есеп-тел-гені
			Қ Қ С мөлшер-лемесі 0 % бойынша салық салына-тын айналым	ҚҚС-нан боса-тылған айналым					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

**кестенің жалғасы**

А й м а қ	оның ішінде салықтар мен (кедендік төлемдердің есептелгені)							Есеп-телгені		01.00.00 жылға өткен жылдың ұқсас күніне түскен салық-тар мен төлем-дер-дің сомасы	01.00.00 жылға үсті-мізде-гі жылдың есеп-тік күніне түскен салық-тар мен төлем-дердің сомасы
	Кор-по-ра-тив-ті та-быс са-лығы	ҚҚС	Ак-циз-дер	Жеке та-быс са-лығы	Әлеу-мет-тік са-лық	Бюд-жет-ке са-лық-тық емес тү-сім-дер	Бұдан басқа са-лық-тар мен тө-лем-дер	Айып-пұл-дар	Өсім-дер		
1	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21

**кестенің жалғасы**

А й м а қ	оның ішінде салықтар мен төлемдердің төленгені								Төленгені		
	Кор-пора-тивті табыс салығы	Қ Қ С	Акциз-дер	Жеке табыс салы-ғы	Әлеу-меттік салық	Бюд-жетке салық-тық емес түсім-дер	Бұдан басқа салық-тар мен төлем-дер	Айып-пұл-дар	Өсім-дер		
1	22	23	24	25	26	27	28	29	30		

**кестенің соңы**

	Берешек	
--	---------	--

Бастапқы берешек				СЖК (кедендік төлемдер мен салықтарсыз)
салықтар бойынша	айып-пұлдар мен өсімдер бойынша	салықтар бойынша	айып-пұлдар мен өсімдер бойынша	
31	32	33	34	35

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК